

Ә.А. Мусаева *¹, Ж.С. Аубакирова ², Г.Р. Сейфуллина ³

¹Магистр, аға оқытушы, әлемдік экономика және халықаралық қатынастар кафедрасы
Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ., Қазақстан

E-mail: elvira.musaeva.75@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0002-9006-6518>

²Тарих ғылымының кандидаты, С.Аманжолов атындағы ШҚУ «Алтайтану» ҒЗО директоры,
С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің профессоры, Өскемен қ., Қазақстан

E-mail: zhanna_aubakirova707@inbox.ru

<https://orcid.org/0000-0002-8029-3135>

³Философия ғылымының кандидаты, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің
«философия және мәдениет теориясы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Қарағанды,
Қазақстан.

E-mail: galiya-magavina@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0003-3220-6233>

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖӘНЕ СИНГАПУРЛЫҚ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ МОДЕЛЬДЕРІНІҢ ТАРИХИ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Аңдатпа

Мақалада авторлар дамыған мемлекеттер қатарына кіретін Сингапур еліндегі жоғарғы оқу орындарындағы білім беру жүйесіне тарихи талдау жасайды. Алдыңғы қатарлы дамыған мемлекеттің Қазақстандық білім беру орындарымен ұқсас тұстары көп екенін осы мақаладан көруге болады. Сонымен қатар, авторлар Сингапур мен Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесіне қысқаша тоқталып, салыстырма жұмысын ұсынған. Сингапурлық және Қазақстандық ЖОО-ның жетістігімен білім әлеміндегі нәтижелеріне тоқталып, екі елдің білім беру жүйесінің тарихи кезеңделуін көрсетеді. Екі елдің жоғарғы оқу орындарының тарихи даму кезеңдері, қиыншылықтары мен жетістіктеріне қысқаша шолу жасалын-ды. Мақалада адами капитал экономикалық дамудың негізінде қарастырылып, инновациялық және сапалы білім алуға алдыңғы қатарлы мемлекеттердің тәжірибесі де ескерілуі қажет екендігі тілге тиек етіледі.

Сингапур мен Қазақстандық білім беру мекемелерінің бәсекеге қабылетті ұрпақ тәрбиелеуде алатын рөлі мен орнын көрсетіп, жағымды және жағымсыз тұстары да көрініс табады. Қазақстандағы сингапурлық білім беру моделінің ұқсас тұстары мен болашақта даму жолдары көрсетіледі.

Қазіргі таңда Сингапурдың жоғарғы білім беру форматы әлем елдерін қызықтырып отырғаны баршаға мәлім, Азия елдері үшін де ол өте тиімді екендігі қарастырылады.

Кілт сөздер: ЖОО, тарихи талдау, білім беру жүйесі, модель, үрдіс, болашақ.

Мусаева Ә.А.*¹, Аубакирова Ж.С.², Сейфуллина Г.Р.³

¹Магистр, старший преподаватель кафедры мировой экономики и международных отношений,
Карагандинский университет Казпотребсоюза, г. Караганда, Казахстан,

E-mail: elvira.musaeva.75@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0002-9006-6518>

²Кандидат исторических наук, директор НИЦ «Алтайтану» ВКУ им. С. Аманжолова, профессор
Восточно-Казахстанского университета им. С. Аманжолова. г. Усть-Каменогорск, Казахстан,

E-mail: zhanna_aubakirova707@inbox.ru

<https://orcid.org/0000-0002-8029-3135>

³Кандидат философских наук, ассоциированный профессор кафедры философии и теории культуры,
Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова, г. Караганда, Казахстан

E-mail: galiya-magavina@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0003-3220-6233>

ИСТОРИЧЕСКАЯ ВЗАИМОСВЯЗЬ СОВРЕМЕННЫХ КАЗАХСТАНСКОЙ И СИНГАПУРСКОЙ МОДЕЛЕЙ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

В статье авторы проводят исторический анализ системы образования в вузах Сингапура, входящего в число развитых государств. В работе прослеживается сходство казахстанских образовательных учреждений с подобного рода учреждениями передовых стран. Кроме того, авторы

кратко описали системы образования в Сингапуре и Республике Казахстан и провели сравнительный анализ. Успехи сингапурских и казахстанских вузов отражают историческую периодизацию системы образования двух стран, подчеркивая результаты в мировой системе образования. Был проведен краткий обзор исторических этапов развития, трудностей и достижений вузов двух стран. В статье отмечается, что человеческий капитал должен рассматриваться через призму экономического развития, учитывая опыт передовых государств в получении инновационного и качественного образования.

В работе отражены как положительные, так и отрицательные моменты систем образования, а также роль образовательных учреждений в подготовке конкурентоспособного поколения. Авторы проследили сходства в моделях образования двух стран и рассмотрели пути их развития в будущем.

Безусловно, в настоящее время формат системы высшего образования Сингапура представляет интерес для всего мира, в свою очередь, страны Азии не являются исключением.

Ключевые слова: ВУЗ, исторический анализ, система образования, модель, тенденции, перспективы.

*Mussayeva E.A.^{*1}, Aubakirova Zh.S.², Seifullina G.R.³*

*¹MA, Senior Lecturer of the World Economy and International Relations Department,
Karaganda University of Kazpotrebooyuz, Kazakhstan, Karaganda*

E-mail: elvira.musaeva.75@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0002-9006-6518>

²Candidate of Historical Sciences, Director of the SRI "Altaitanu" of the S.Amanzholov East Kazakhstan University, Professor of the S.Amanzholov East Kazakhstan University, Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk

E-mail: zhanna_aubakirova707@inbox.ru

<https://orcid.org/0000-0002-8029-3135>

³Candidate of Philosophical Sciences, Associate Professor of the Department of Philosophy and Theory of Culture, E.A. Buketov Karaganda University, Kazakhstan, Karaganda

E-mail: galiya-magavina@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0003-3220-6233>

THE HISTORICAL CONNECTIONS BETWEEN THE MODERN KAZAKH AND SINGAPORE MODELS OF HIGHER EDUCATION

Abstract

In this article, the authors conduct a historical analysis of the education system in the universities of Singapore, which is one of the developed countries. The paper traces similarities of the Kazakhstani educational institutions with the ones of advanced country. In addition, the authors briefly described the education systems in Singapore and the Republic of Kazakhstan and conducted a comparative analysis. The success of Singaporean and Kazakhstani universities reflect the historical periodization of the education systems of the countries, emphasizing results of the global education system. The authors provided a brief overview of the historical stages, difficulties, and achievements of the universities in both countries. The article notes that human capital should be viewed through the prism of economic development, taking into account the experience of advanced countries in obtaining innovative and high-quality education.

The present work reflects both positive and negative aspects of education systems, as well as the role of educational institutions in preparing a competitive generation. The authors traced the similarities in the education models of both countries and considered the ways of their development in the future.

Nowadays it is commonly known that the format of Singapore's higher education system is of the great interest to the whole world, while Asian countries are no exception.

Keywords: HEI, historical analysis, education system, model, tendencies, perspectives.

Кіріспе. «Білімді жұрттарда білім жарысы деген болады. Ол жарыста бәйгеге түсе алатындар білім-ділер, зейінділер. Білімді жұрттардың білім жарысына келсек, оның мағынасы да, көздеген мақсаты да басқа. Неше түрлі ғылым, өнер – бәрі де тіршіліктің ауырлығын азайту үшін, рақатын молайту үшін шығарған нәрселер. Ғылым, өнер артылған сайын дүниеда бейнет кемімекші. Осыған ақылы жетіп, есі енген жұрттар ғылым мен өнерді бірден-бірге асыруға тырысады. Асыру үшін әртүрлі істер істейді. Сол істер-дің бірі – білім жарысы» (Күзембаева, 2001;34). - деп, Ахмет Байтұрсынов айтпақшы қазіргі кезде Қазақ-стан Республикасында білім мен ғылымды бәйгеге қосуда.

Саяси аренада Қазақстан Еуропа елдерінің білім мен ғылым жүйесімен жұмыс жүргізсе, соңғы жылдары Азияның алдыңғы қатарлы жолбарыстары мен айдаһарларымен тәжірибе жинақтауда. Сондай мемлекеттер қатарында Сингапур да бар.

Өзектілігі. Сингапур елді мекенінің тарихы, білім беру жүйесі Қазақстанға ұқсас, ол елден алатын тәжірибеміз де мол болғандықтан зерттеу жұмысымыздың өзектілігіне айналып отыр.

Мақсаты мен міндеттері. Қазақстан Республикасы мен Сингапурдағы ЖОО-дағы білім беру жүйе-сін салыстырмалы талдау мақаланың мақсаты болып табылады. Екі мемлекеттің ұқсастығы мен ерекше-ліктері қарастырылып, қазіргі кездегі Қазақстанның білім беру жүйесіндегі сингапурлық моделдің қолда-нысына баға беріледі. Мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегі міндеттерді ұсынуға болады:

- Сингапур мен Қазақстандағы жоғарғы оқу орындарының даму тарихына шолу жасау;
- екі елдің білім беру форматын анықтау;
- ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу;
- Қазақстан үшін Сингапур мемлекетінің тәжірибесін қолдану мүмкіндігін қарастыру.

Материалдар мен әдістемесі. Сингапур және Қазақстан арасындағы білім саласындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді анықтауға салыстырмалы- тарихи талдау әдісі қолданылады.

Талқылау. «Сингапур елді мекенінде балалар мектепке ақы төлемейді, тек ата-аналар мектепке қажетті зат сатып алу үшін 13 доллар ай сайын ғана төлейді» - деген, ақпарат құлаққа өте жағымды. Ал шын мәнінде ЖОО-да білім беру жүйесі қалай? - деген, сұраққа жауап беріп көрейік. Сингапурдың білім беру жүйесі бастауыш, орта және жоғары мектептерден тұрады. Маусымдық демалыс деген оларда жоқ, оқу екі семестрге созылады және бірнеше деңгейге бөлінеді. Жоғары оқу орындарында 17 жасқа толған азамат немесе азаматшасы дәріс ала алады. Қазақстан мен Сингапур мемлекеттерінің жоғарғы оқу орындарында білім алу үрдісі бір біріне өте ұқсас.

Озық технологиямен қамтамасыз етілген, бұл мемлекетте кәсіпорындар университет студенттерінің оқу ақысын төлейді. Арнайы бағдарламалар мен отбасылық жағдайы төмен студенттерге, сабақты үздік оқыған және бітірген шәкірттерге арналған тегін білім беру үрдісі сақталған.

Сингапурдағы білім беру жүйесінің қалыптасу кезеңдері. Сингапурдың білім беру жүйесіне қатысты «феномен» немесе «ғажайып» санаттары жиі қолданылады. Соңғы онжылдықта сингапурлық оқушылар TIMSS, PISA, PIRLS білім беру сапасын халықаралық зерттеулерде бірінші орындарды берік сақтап келеді, дегенмен жарты ғасыр бұрын олардың ата-бабалары сауаттылықты білмеген. Олай болса қысқаша Сингапур тарихына көз жүгіртсек, бұл мемлекет өте жас және пайдалы қазбалары мол мемлекеттер қатарына жатпайтыны ақиқат. Ұлыбритания мемлекетінің отары болған Сингапур білім беру жүйесін де осы мемлекеттің үлгісімен қалыптастырды (Сингапур, 2021).

1867 жылдан бастап Сингапур-Британ империясының отары, ал 1965 жылы Сингапур-тәуелсіз мемлекет ретінде өзін қалыптастыра бастады. Сингапур даму жолында ресурстары жоқ кедей мемлекет болды, тіпті олар ауыз суды әкелуге мәжбүр болды. Мемлекеттің сәтті орналасуына (бұл белсенді әлемдік сауда маршруттарының қиылысы) және адами капиталға ғана сенуге болады (Успешные, 2021).

Тәуелсіздігін алғаннан кейін мемлекет, кедейшілік пен жұмыссыздыққа қарамастан, адами капиталға инвестиция салуды ұйғарды – «зияткерлік жаңғыртуға» және біртұтас ұлт қалыптастыруға баса назар аударды. Сингапурдың білім беру жүйесі қазіргі уақытта халықтың сауаттылық деңгейінің ең жоғары деңгейін математика және жаратылыстану ғылымдары бойынша оқушылар әлемдегі ең үздіктер қатарынан алып отыр (Сингапур, 2021).

Білім беру саласында Сингапур 3 кезенді басынан кешірді, бірінші кезеңнің өзінде-ақ жаңа мектептер ашылып, ұлттық оқулықтар әзірленіп, енгізілді, техникалық білім беру жүйесі құрылды. 1965-1978 жылдар аралығында бірыңғай білім беру стандарты туралы шешім қабылданды (Успешные, 2021).

Содан кейін екі тілділіктің пайдасына тағдырлы таңдау жасалды, ол қазір Сингапур мектебінің маңызды артықшылығы ретінде бағаланады ("Bilingual advantage"). Ағылшын тілін ана тілімен қатар оқыту енгізілді (негізінен қытай тілі). «Әрқайсысына арналған оқулық» бағдарламасын жүзеге асыру басталды. Оқытушы кадрлар тапшылығы мәселесі еңсерілді. Жастарға техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне баса назар аударылды.

Нәтижесінде, қазір барлық сингапурлықтар ағылшын және қытай тілдерін жетік біледі, бұл оларға еуропалық және азиялық өркениет арасында делдал ретінде сезінуге мүмкіндік береді.

Сингапурдың білім министрлігі екі тілділіктен басқа, оқушының жан-жақты дамуына, оқыту сапасына және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сабақта жұмыс істеуге баса назар аударады (Сингапур, 2021).

Екінші кезеңде 1978-1997 ж. жаңа білім беру жүйесі қабылданды. Балаларға өз қабілеттеріне сәйкес білім беру сатысымен алға жылжуға мүмкіндік беретін ағындық оқыту жүйесі мен реформаның тағы бір бағыты мұғалімнің әлеуметтік мәртебесін арттыру, сондай-ақ мұғалімдер мен мектеп әкімшілігі үшін біліктілікті жүйелі түрде арттыруды енгізді.

Үшінші кезең 1997 жылдан қазіргі уақытқа дейін білім беруде әр адамды өмір бойы оқуға, технологияны игеруге, инновация мен кәсіпкерлік рухын дамытуға, тәуекелге баруға және жауапкершілікті алуға ынталандыратын орта құрылды.

Сингапурда оқуға үш жылдық мектепке дейінгі, алты жылдық бастауыш және төрт жылдық орта мектеп кіреді. Сингапурдағы барлық балабақшалар жеке, көбінесе конфессиялық. Мектепке дейінгі білім беру 3 жастан 6 жасқа дейін жалғасады: бөбекжай, бірінші (K1) және екінші (K2) жылда бағдарлама бойынша қарым-қатынас ретінде ана тілі (қытай, малай немесе тамил), ағылшын тілі есепке алынады. Міндетті түрде тәжірибе сабағына өте көп уақыт және көңіл бөлінеді.

Білім министрлігі болашақ орта мектеп мұғалімдерін жоғары оқу орындарына мұқият іріктейді. Студенттердің білімі мықты болуы маңызды, мамандықтары бойынша әртүрлі студенттік ұйымдарға қатысуы да қажет болып табылады. Болашақ ұстаздар жұмыс істейтін мұғалімнің жалақысының 60%-ына тең стипендия алады және кемінде үш жыл ұстаздық етуге дайындалады (Успешные, 2021).

Мұғалімдер кадрларын іріктеу және даярлау жүйесін сарапшылар бірауыздан Сингапурдың табысты шешімі деп біледі, себебі барлық мұғалімдерді даярлауда бір университетке – Ұлттық білім беру институтына шоғырландырды, оған түсу де өте қиын. Сингапурдың білім министрлігі мұғалімдердің жұмысына деген жоғары ынтасын сақтауға, мұғалімдік мансаптың басқалардан өзгеше бейнесін жасауға көп көңіл бөледі (Сингапур, 2021).

Қазақстандағы білім беру жүйесінің қалыптасу кезеңдері. Қазақстандық білім беру жүйесі көне заманнан бастау алады. Қазақ даласында білім алу мұсылмандық діни сауат ашудан басталып, кейінен ортағасырларда бірнеше тілдерді меңгеру танымалдыққа айналды. XVII-XVIII ғасырларда қазақ жерінде 4 жылдық білім ордалары, кейіннен училищелер ашылды. Қазақстан Ресейге бодандыққа қабылданып, қазақ зиялылары ресейлік білім орталықтарынан дәріс алды.

XX ғасырда қазақ елінде орта, арнайы, кәсіби және жоғарғы оқу орындары ашыла бастады. Қазақ зиялылары білім мен ғылым ошақтарынан дәріс алып, КСРО-ның тәжірибесін жинақтады. 1990-шы жыл-дары он бес елдің басын біріктірген үлкен держава өмір сүруін тоқтатты. 1991 жыл Қазақстан Республи-касы болып жарияланып, білім мен ғылым саласының алдында нақты міндеттер мен мақсаттар қойылды.

1991-1994 жж. аралығында мемлекеттік гранттар мәселесі мен «Білім туралы» заңның қабылдануы елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарай ыңғайластырылды, заңнамалық актілер енгізілген бірінші кезеңді қамтыды. Республикада нарық талабына сай мамандар әзірлеуге ден қойылды. Уақылы жалақының берілмеуі оқытушылардың бизнес әлеміне кетуіне, әсіресе ауылды жерлерде жұмыстың тапшылығы байқалды.

Екінші кезеңнен (1995-1999 жж.) бастап Қазақстандық білім беру жүйесі барлық экономика бағыт-тары бойынша маман әзірлеуге, мемлекеттік тапсырыс бойынша жоғарғы оқу орнына талапкерлерді қабылдауға көңіл бөлді. Бұл мерзім жоғарғы оқу орындарының қағидаларын өзгертті.

1999-2000 жылдар аралығы үшінші кезеңді қамтыды, бұл мерзімде басты назарды қаржыландыру мен академиялық ұтқырлыққа бөлді.

Төртінші кезең 2001-2010 жж аралығына тиісті болды, бес жылдық бағдарламалар мен тұжырымдар қабылданды. Бұл жылдар аралығында 12 жылдық білім беру бағдарламасын енгізу, кәсіби бағдар беру мен Болон жүйесіне көшу үрдісіне көшу қарастырылды. Ұлы хартияға Қазақстанның енуі үш деңгейлі білім беру жүйесін еуропалық бағытқа бағыттаумен сипатталды. 2007 жылдан бастап шет елде «Болашақ» бағдарламасы арқылы академиялық ұтқырлық екі дипломмен білім алуға мүмкіндік береді.

Бесінші кезең 2011жылдан қазіргі кезге дейінгі мерзімді қамтиды. 2011-2015, 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламалар қабылданып, педагогтарға ерекше көңіл бөлінді. Педагогтарға жалақыны көтеру, білім беру бағдарламаларын біріктіру мен университеттерде зерттеу ауқымын көтеру көзделді.

Осы бағдарлама бойынша 2010 жылы әртүрлі меншік нысанындағы жұмыс істеп тұрған 140 университеттің тек 50 университетімен 30 институты ғана қалуы тиіс, қалғандары академиялар олардың жалпы саны 100 бірліктен аспауы тиіс болды (Балахметова, 2011:50).

Сингапурдағы жоғары оқу орны. Сингапурдағы жоғары білім беру жүйесі қызметі мен құрылымы, оқу үрдісі бойынша ерекшеленеді. Елде жоғары оқу орындарының төрт түрі бар:

- Политехникалық институттар
- Техникалық жоо (Ньянг технологиялық университеті)
- Тәуелсіз университеттер
- Ұлттық, мемлекеттік, жеке меншік ЖОО.

Жоғары оқу орындарына түсу кезінде талапкерлер емтихан тапсырады, оқыту қытай немесе ағылшын тілдерінде жүргізіледі. Дарынды және табысты балалар сынақтарсыз ерекше жағдай ретінде қабылдануы мүмкін. Орта мектеп түлектеріне А-деңгейлі аттестат ұсынады. Колледждер мен техникум-дардың түлектері үлгерімі жәнәтолық емес қосымша сабақтарға, секцияларға қатысуы туралы мәліметтер ұсынуы тиіс. Қабылдау комиссиясының қалауы бойынша талапкерге қосымша қабылдау сынақтары тағайындалуы мүмкін.

Сингапурлық жоғары оқу орындарында оқу халықаралық стандарттар бойынша жүзеге асырылады және де ол 3 сатыдан тұрады:

- Бакалавриат (3-4 жыл),
- Магистратура (1-3 жыл),
- Докторантура (2-5 жыл).

Ғылыми дәреже алу үшін және бір оқу деңгейінен екінші деңгейге өту кезінде студенттер емтихан тапсыруы керек, олардың тізімін әр нақты университет бекітеді. Сингапурлық жоғары оқу орындарының дипломдары бүкіл әлемде мойындалып отыр (Шульгина, 2021).

Соңғы жылдары сингапурлық білім беру жүйесі икемді және алуан түрлі бола бастады.

Кәсіби білім беру саласында елеулі өзгерістер болды. Дәстүрлі түрде Сингапурда халықтың ең аз қамтамасыз етілген және ең аз академиялық қабілетті топтары кәсіби білім алды. Қоғамда кәсіптік білім – бұл мектепте жетістікке жетпеген адамдардың тағдыры деген стереотиптік түсінік қалыптасқан болатын. Стереотиптің қалыптасуына Конфуций мәдениеті де ықпал етті, ол ғасырлар бойы білімді адамның мемлекеттік шенеунік немесе әкімшілік (кеңсе) қызметкері ретіндегі имиджін қалыптастырды.

Бірде-бір ата-ана баласының болашақта қарапайым жұмысшы болуын қаламады. Қоғамда кең таралған мұндай құндылықтар жүйесі Сингапурдың экономикалық даму мүмкіндіктерін шектеді.

Білім министрлігі кәсіптік білім берудің беделін арттыру бойынша бірқатар шараларды іске асырды. Біріншіден, 1992 жылы шашыраңқы кәсіптік білім беру мекемелерінен кампус жүйесі бойынша салынған техникалық білім беру институты құрылды.

Білім беру және спорт инфрақұрылымымен жабдықталған бірнеше институт ғимараттары салынды. Оқу зертханаларын жабдықтауда ең озық технологиялық әзірлемелер қолданылды, институтта оқу ыңғай-лы және жағымды болды. Екіншіден, техникалық білім беру институтына түсушілерге қойылатын академиялық талаптар айтарлықтай көтерілді. 1992 жылдан бастап орта мектептерде арнайы техникалық ағын енгізілді, оған бастауыш мектепті бітіру емтиханын жақсы тапсыра алмаған оқушылар көшірілді. Еңбек нарығындағы білікті техникалық кадрлардың жетіспеушілігінен олардың орташа жалақысы едәуір өсті. 1994 жылы айына 700 SGD-ден 2005 жылы 1200 SGD-ге дейін, техникалық мамандықтарды танымал ету үшін маркетингтік технологиялар қолданылды, бұқаралық ақпарат құралдарында техникалық білім беру институты түлектерінің «сәттілік тарихы» белсенді түрде таратылды (Лесин., Н.Н. Шевелёва, 2020)

Сингапурда білім беру жүйесін дамытудың қазіргі кездегі негізгі мақсаты әрбір адамды өмір бойы оқуға, жаңа білім мен дағдылар алуға, технологияларды игеруге, инновациялар мен кәсіпкерлік рухын дамытуға, білім алуға ынталандыратын орта құру болып табылады.

Қазақстандағы жоғарғы оқу орны. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі жоғары білім беру жүйесіне басшылықты жүзеге асырады. Қазақстанда жоғары білімді университеттер, академиялар, колледждер, институттар, жоғары мектептер мен колледждерді ұсынады. Қазақстандағы университеттер зерттеулерге емес, білімге баса назар аударады (Борисевич, 2022).

1991-2010 жылға дейінгі аралықта студент маман ретінде дәріс алатын болса, кейіннен ғылыми ізденуші, аспирант, докторант ретінде жалғастыра алатын болды. 2010 жылдан бастап бакалавриат - 4 жыл, магистратура - 1,2 жыл, докторантура - 3 жыл аралығын қамтыды.

Қазақстанда мемлекеттік және жеке университеттер бар. Университеттерде - бакалавр, магистр және докторантурада көптеген бағдарламаларды ұсынады. Сонымен қатар, университеттер таза және қолдан-балы зерттеулер жүргізеді. Мекеменің бұл түрі білім беру және ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асырады.

Университеттермен қатар институттар бар ол жоғары оқу орнының кәсіптік білім беру курстарын ұсынады. Академияларжоғары оқу орнының бұл түрі жалпы 1 немесе 2 мамандық бойынша білім беру бағдарламаларын ұсынады. Сондай-ақ, Қазақстанда жоғары білім беретін жоғары колледждер мен мектептер, консерваториялар бар (Борисевич, 2022).

Қазақстан Республикасы 1991 жылдан бастап жоғарғы оқу орындарында бірнеше өзгерістерді енгізді олардың қатарына - мамандар әзірлеуде жоғарғы оқу орындарына 5-7 жылға студент қабылдаса, кейіннен Болон жүйесіне енген соң 4 жылдық бакалавриатқа қабылдауға көшті. ЖОО-да білім алған маман таңдап алған мамандығын өз профилінде ала алатын болды.

ЖОО-на оқуға түсу үшін 2004 ж. дейін емтихан арқылы ал, кейін ҰБК арқылы білімін анықтап мемлекет тарапынан бөлінетін тегін оқуға конкурс негізінде қабылданды. Сингапур сияқты Қазақстанда да тегін оқуға түсе алмаған шәкірттержеке меншік немесе ақылы үлгіде 50 балдан артық жинаса оқуға түсе алады.

Жоғары білім беру саласы адами капиталдың сапасын қамтамасыз етудің маңызды факторы болып табылады. Қазақстан Республикасы экономикасының барлық салалары үшін құзыретті және бәсекеге қабілетті мамандарды кәсіби даярлауды қамтамасыз етуде отандық жоғары білім маңызды рөл атқарады. Өкінішке орай, жұмыс берушілердің көпшілігі жоғары оқу орындарын бітірген мамандарды даярлау сапасына қанағаттанбайды. Білікті кадрлар жоғары білім беру сапасын арттыру, жұмыспен қамту және тапшылық мәселесін шешуге көмегін тигізеді. Үздік халықаралық тәжірибе көрсеткендей, интеграция-ланған ғылыми және білім беру құрылымдары еңбек нарығында сұранысқа ие сапалы жаңа мамандарды даярлауды қамтамасыз етеді (Kurbanova, 2020:121).

Қазіргі таңдағы екі елдің жағдайын салыстырмалы талдау. Сингапур басқаруға оңай ел. Көлемі бойынша кішкентай, халықтың тығыздығы жоғары, бірақ біркелкі, қолайлы географиялық жағдайы бар бұл елде кешенді жоспарлауға арналған өріс қалыптасқан. Білім беру мекемелері бір органға – Білім министрлігіне тікелей бағынып, реформалар жүргізуге, олардың тиімділігін арттыруға, басқаруға кететін шығындарды айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік беріп отыр.

Қазақстан Республикасы да біртұтас, унитарлы, зайырлы мемлекет, елде білім және Ғылым министр-лігі бөлініп кетсе де, бірі орта және кәсіби ал, екіншісі ЖОО мен ғылым саласына бақылау жүргізеді. Реформалар желісі бірде оңтайлы, бірде көңіл қуантарлық нәтиже бере қоймаса да жоспарға сай орындалуда.

Сингапурдағы ағылшын тілі білім беру ордаларында ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретінде қабыл-данып, болашаққа үлкен қадам ретінде басып отырған жайы бар. Ол ең жақсы англо – саксондық оқыту тәжірибесін, бастысы әлемдік зияткерлік капитал мен сараптамананы пайдалануға мүмкіндік беруде. Академиялық ұтқырлық пенбатыс әлемімен ең жақсы идеялар, тәжірибемен алмасу үрдісі жоғарғы деңгейге қойылған.

Сонымен қатар, мектептерде әртүрлі этникалық топтардың тілдерін сақтау және зерттеу Азия әлемі-мен мәдени және экономикалық байланыстарды дамытуға, демек, оның қарқынды өсу мүмкіндіктерін пайдалануға мүмкіндік береді.

Ал, Қазақстан Республикасына келетін болсақ бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуды мемлекеттік, орыс, қажет болған жағдайда және басқа тілдерде қамтамасыз етеді. Білім беру ұйымдарында мемлекеттік тіл және орыс тілі міндетті оқу пәндері болып табылады және білім туралы құжатқа енгізілетін пәндер тізбесіне кіреді (Закон, 2022).

Халықаралық деңгейде білім мен ғылым кеңістігінде отандастар ағылшын тілінің көмегіне жүгіне-ді. Әлемнің дамыған мемлекеттері әр түрлі бағдарламалар мен жобаларды осы тілде ұсынатын болған-дықтан, отандастар ағылшын тілін де меңгеріп, академиялық ұтқырлық саясаты бойынша шет елдерден дәріс ала алу құқығына ие болуда. Оған дәлел «Болашақ», «Ерасмус +» және т.б. бағдарламалар.

Соңғы 50 жылда Сингапур көп нәрсеге қол жеткізді және оған жылдар өткен соң, Қазақстан да Сингапур тәжірибесіне негізделген 5-ке жуық бағдарламаны енгізді. Олардың қатарына «Болашақ» стипендиаттар қауымдастығы, «Самұрық-Қазына» егеменді қоры, зейнетақы реформасы кіреді.

«Болашақ» бағдарламасы аясында шетелде 857 қазақстандық білім алған. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша 2019 жылы шетелдік жоғары оқу орындарына бюджет қаражаты есебінен 603 студент жіберілген. 1990-2010 жылдар ішінде білім алған қазіргі уақытта Қазақстан Республикасынан шетелге Малайзияға, Сингапурға, Қытайға, АҚШ-қа, Канадаға, ЕО елдеріне және т.б. кеткен, яғни өзге де мақсаттарды көздеген бұл бағдарлама Қазақстаннан зияткерлік эмиграция факторына айналуға (Болашақ, 2019).

Білім беру үрдісінде тәжірибеге бағдарланған тәсілді енгізу барабар білім беру технологияларын – стандартта мәлімделген құзыреттердің тиімді дамуын табысты іске асыруға мүмкіндік беретін студент-терді оқыту мен дамытудың құралдары мен әдістерінің жиынтығын іздеу қажеттілігіне байланысты. Сингапурда білім алушылар мен студент түлектер өздерінің құндылықтарын тәжірибеге бейімделген кәсіби маман болу миссиясына қатты көңіл бөледі.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында да мамандарды даярлау мәселесінде жоо-да тәжірибеге бағдарланған оқытуды іске асыру, біріншіден, өмір қажеттіліктеріне жақындауға бағытталғанын, екінші-ден, бәсекеге қабілетті мамандарды мақсатты түрде қалыптастыру үшін жағдай жасауға мүмкіндік беретініне назар аударып отыр.

Қазақстан сонымен қатар Сингапурдың білім беру жүйесін зерттеп, өзінің жоғары лауазымды тұлғаларын Сингапурдың политехникалық және техникалық институттарына олардың білім беру жүйесі мен университетті басқаруды терең зерттеу үшін оқуға жіберді.

Қазақстандық «А корпусын» құру да Сингапурдың әкімшілік қызметіне ұқсас.

QS World University Rankings-2022 рейтингінде Сингапур Ұлттық университеті 11 – орынға, ал Сингапурдың Наньян технологиялық университеті 12-орынға ие болды және бұл 2016, 2019 жылғы рейтингтік көрсеткішер бойынша өзгермегенін қарауымызға болады (Лучшие, 2022).

Қазақстан елді мекеніндегі ЖОО-ның жағдайы осы көрсеткіш бойынша алдыңғы қатарлыларда деп айта алмасак та, 175 -ші орынды эль-Фараби Қазақ ұлттық университеті иеленген. Бұл жас мемлекет үшін өте жақсы көрсеткіш деп санаймыз.

Сингапурда 2016 жылы 22 және 39-орындармен салыстырғанда, елде «жергілікті» дайындалған PhD докторларының саны 2011 жылғы 7522-ден 2015 жылы 7850-ге дейін өскен, бұл көрсеткіш 2016 жылғы жалпы жұмыс күшіндегі ғалымдар мен инженерлер де үнемі өсіп келе жатқандығын көрсетті.

Сингапур университеттерінің жетекші ҒЗИ ретінде өсуі озық тәжірибе мен күшті зерттеу инфра-құрылымына ерекше назар аударумен сипатталады. Университеттері әлемдік деңгейдегі ғалымдардың қуатты кафедрасын құра алды, сондай-ақ көрнекті сингапурлық ғалымдарды отанына қайтарып, оларға өз жұмыстарын динамикалық зерттеу ортасында жалғастыруға және келесі буын ғалымдарына тәлімгерлік етуге мүмкіндік берді (Современный, 2018).

Қазақстан болса ғылым саласына көңілді соңғы 5-7 жыл аралығында ғана бөле бастады деп айтсақ артық айтпаған болар едік. Еңбек ақы мен мемлекет тарапынан бөлінетін гранттық бағдарламалардың санының аздығы шет елге мамандарымыздың қоныс теуіп кеткенінің дәлелі бола алады.

Білім беру әлемдік жүйелерімен жалпы білім берудің жоғары сапасына қол жеткізу мәселелеріне назар аударғанына қарамастан, Сингапур құбылысының ерекшеліктері мен қазіргі кезеңдегі білім беру ерекшеліктері отандық педагогикалық қоғамдастықта жеткілікті зерттелген жоқ. Атап айтқанда, Сингапурдағы жалпы білім беру сапасының жоғары деңгейіне біріктіруші факторлардың әсерін, тәрбие-леу және оқытуды ұйымдастыру қағидаттарын, тәрбиелеу модельдерін, жоспарланып отырған нәтиже-лерге қойылатын талаптарды зерделеуге тиісті назар аударылмаған.

Мемлекеттердегі оқудың төлемақысы.

Сингапурдағы жоғары білімнің құны АҚШ-қа немесе Еуропа елдеріне қарағанда едәуір төмен, ал оның сапасы Англия мен Швейцарияның ең жақсы университеттерінен кем түспейді. Орташа алғанда, Сингапурдың жоғары оқу орнында бір жылдық оқу ақысы таңдалған мамандыққа байланысты 4000 – 12000 USD аралығында өзгереді. Медициналық және стоматологиялық факультеттерде оқу ең қымбат болып саналады – оның құны 40 000 USD дейін болуы мүмкін.

Өкінішке орай, Сингапурдың бірнеше оқу орындары шетелдік студенттерге жатақханада тұруға мүмкіндік береді. Сондықтан студенттер көбінесе қалада баспана жалдайды. Орташа алғанда, қонақ бөлмесі мен бір жатын бөлмесі бар жақсы аудандағы пәтер айына 500-600 S\$ тұрады. Бір немесе бірнеше айға тұру ай сайынғы тұрғын үй төлемдерін айтарлықтай төмендетеді (Высшее, 2021).

Қазақстандағы білім беру құны жоо-ы орналасқан жерлерге байланысты болады. Мысалы Алматы және Астана қалалары бойынша нақты айтатын болсақ, Қазақстан-Британ техникалық университетінде 3,5 миллионнан жоғары болса, ал, Назарбаев университетінде 5-7 миллион шамасында болады.

2022 жылы Қазақстандағы ең арзан мамандық – «Бейнелеу өнері және сызу». Осы мамандық бойынша оқудың орташа құны 251 500 теңгеден аспайды(Сколько, 2022).

Түлектер студенттер қатарына қабылданған соң ЖОО-да жатақхана беріледі, жатақханамен қамтамасыз етіле алмайтын жағдай болса студенттер Сингапурдағы сияқты пәтер жалдай алады, орта есеппен алғанда 150-300 мыңның көлемінде ол болады.

Мемлекеттік гранттар арқылы оқу. Сингапурдың білім министрлігі университеттерді қаржыландыру-дың әртүрлі схемаларын жүзеге асырады, соның арқасында халықаралық студенттер

оқу шығындарын едәуір азайтуға мүмкіндік алады. Сингапур министрлігінің гранттары-бұл шығындарды ішінара жабады. Дегенмен, жаңа елде тұруға келгенде, тіпті ішінара оқу ақысы да студенттің өмірін айтарлықтай жеңіл-детеді. Сондықтан, егер студент Сингапурда айтарлықтай қаржылық үнемдеумен білім алуға байсалды болса, онда білім министрлігінің сайтына үнемі мониторинг жүргізу бұған көмектесе алады. Онда стипендиялар мен Халықаралық бағдарламалар тізімі үнемі жаңартылып отырады.

Қаржыландыру өтінімі түсу емтихандарын сәтті тапсырып, университетке түскеннен кейін беріледі. Егер өтініш мақұлданса, онда студент бітіргеннен кейін Сингапурдың бір компаниясында бірнеше жыл жұмыс істеуге міндеттенетін келісімге қол қою қажет болады. Жасалған келісімшарт бұзылған жағдайда оқу ақысын өтеуге тура келеді.

Сингапурдың көптеген ірі компаниялары жұмысқа жас мамандарды тартуға мүдделі, сондықтан студент оқуды бітіргеннен кейін бірнеше жыл бойы осы кәсіпорында жұмыс істеуге міндеттелген жағдайда, оларға оқуға қаржылық қолдау көрсетуге дайын. Егер түлек басқа компаниядан тиімдірек ұсыныс алса және бұрынғы келісімді бұзғысы келсе, онда ол алдын-ала белгіленген мөлшерде айыппұл төлеуге мәжбүр болады (Высшее, 2021).

Қазақстанда білім беру гранты-бұл мемлекет білім алушыға магистратураға немесе бакалавриатқа түсу үшін ақы төлеуге беретін қаржылық қолдау. Сондай-ақ, ректорлық грант, шетелдік жоғары оқу орнында оқуға немесе тағылымдамадан өтуге стипендия алуға болады.

Қазақстанда жоғары білім гранты конкурсына қатысу үшін үміткердің орта, техникалық және кәсіп-тік немесе орта білімнен кейінгі білімі болуы керек. Грантқа үміткер Қазақстанда бағытты, мамандықты және оқыту бағдарламаларын анықтауы керек.

Шетелдік университеттерде оқу үшін бюджеттік негізде «Болашақ» стипендиясы көзделген. Гранттың арқасында магистратурада, резидентурада оқуға немесе доктор дәрежесін алуға болады. Стипендия тек оқуға ғана бөлінбейді. Ол қазақстандық мамандарға әлемнің жетекші коммерциялық компанияларында тағылымдамадан өту құнын өтейді.

Білім беру грантын беру туралы мәселені қарау кезінде «Алтын белгісінің» (мектепті үздік бітіргені), республикалық немесе халықаралық мектеп олимпиадаларында немесе спорттық жарыстарда жеңістердің болуы елеулі артықшылық береді.

Білім беру гранты-бұл жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алудың тамаша мүмкіндігі. Бакалавриат оқу грантын ұтып алатын болса, Сингапурдағы сияқты міндетті түрде жұмыспен қайтару деген Қазақстанда қарастырылмаған. Қазақстанда жұмыспен қамту жағдайы қазіргі таңда өкінішке орай дұрыс жолға қойылмаған (Как поступить, 2022).

Соңғы 30 жылда экономикалық серпіліс жасап, Сингапур Шығыс Азияның алдыңғы қатарлы елдерінің біріне айналды, қарқынды дамып келе жатқан мемлекет және жас мамандарға өз мүмкіндіктерін іске асыру үшін үлкен болашақты ұсынатын коммуникациялар, технологиялар және зерттеулер орталығы болды. Сингапурда алған жоғары білім беделді ірі компанияда таңдаған мамандығы бойынша табысты жұмысқа орналасудың және мансаптық өсудің кепілі болып табылады (Высшее, 2021).

Онжылдықтар бойы білім беру жүйесі-ұлттық және әлемдік экономикаға сай өзгермелі қажеттілік-терге ұмтылды, біздің ойымызша ол негізгі жоғары институтционалды білім деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Сингапур және Қазақстанның білім беру жүйесіндегі ұқсастықтар мен ерекшеліктерді айта кету керек оларға:

Ұқсастықтары:

1. Сингапур сияқты Қазақстанда, білім беру жүйесін тәуелсіздік алған жылдардың басынан бастады.

2. Тәуелсіздік алған соң Сингапур білім беру жүйесінде бес жылдық реформаларды қабылдауды бастады, Қазақстанда бұл үрдісті басынан кешірді.

3. Тәуелсіздік жылдары оқытушылар басқа салаға кетіп жатқан жайттар екі елде де кездесті.

4. Сингапурлық мектеп оқушылары 1995 жылдан бастап математика және жаратылыстану ғылымдары бойынша салыстырмалы халықаралық тестілерден өтіп отырды (TIMSS). Қазақстан TIMSS (2007) және PISA (2009) сияқты халықаралық рейтингтерге қатыса бастады.

5. Сингапурлық мұғалімдерді даярлауда ең тиімді деп танылса, соңғы уақыттарда Қазақстанда сол мамандықтарда оқитын және оқуға түсетін шәкірттерге жоғарғы талап қолданыла басталды.

6. Сингапур сияқты Қазақстанда дәукімет, шетелдік инвестицияларды тарту және экспортқа бағдарланған экономиканы қалыптастыру үшін білікті кадрлар нарығын құрды.

7. Сингапур мен Қазақстанда білім бір маңызды қызметті орындады ол - ұлтты біріктіру болып табылады.

8. Білім мен ғылым министрліктерінің жиі ауысуы, аяқталмай қалған реформалар желісі екі елде де болды.

9. Екі ел арасында да, техникалық кадрлардың тапшылығы кездесті.

10. Бакалавр, магистратура, докторантура сияқты үш деңгейлі білім беру форматы екі елде де бар.

11. Сингапур мен Қазақстанда мамандарды жұмысқа қабылдау конкурстық негізде жүргізіледі.

12. Оқытушылардың біліктілігін арттыруға екі ел аса қатты көңіл бөледі.

Ерекшеліктері:

1. Сингапурда оқытушылардың 100 сағаттық біліктілікті көтеру курстары төленсе, Қазақстандық оқытушылар өкінішке орай өз қалтасынан төлеуге тиіс.

2. Сингапурлық ПОҚ-дың (Профессорлық-оқытушылар құрамы) жалақысы ел бойынша ең жоғары болып табылады, ал Қазақстанда бойынша олай айта алмаймыз.

3. Сингапурлық оқытушылар біліктілігін арттыруды әр апта сайын өтіп отырса, Қазақстандықтар ондай курстарды жылына бір немесе бес жылда бір өте алады.

4. Сингапурдағы жоғары білім беру жүйесі алдымен Ұлыбританияның университетінен үлгі негізінде алынды. Қазіргі таңда алдыңғы қатарлы Кембридж бен Оксфорд университеттерінің тәжірибесімен мамандар әзірлеуде, ал Қазақстан болса олай мақтана алмайды.

5. Сингапурда кәсіби білім алу жолында талаптар өте қатал қойылған, колледждерге оқуға түсу Қазақстандағы академия мен консерваторияларға түсу тәртібімен бірдей деп айтуға болады.

6. Әлемдік дәрежедегі сынақтар (TIMSS, PISA) тапсыру арқыры Сингапурлық оқушылар арнайы кәсіби және жоғары оқу орындарына түсуге өздерін әзірлейді. Қазақстандық оқушылар бұл бағдарламаны тапсырса да, оқу бағдарламаларының жиі өзгеруіне байланысты өте жақсы көрсеткіш көрсете алмай отыр, сол себепті де қосымша дайындықтың көмегіне жүгінуде.

7. Сингапур үкіметі білім беру жүйесіне инновациялық ыңғайлы жағдай жасай білді, сөйтіп имиджі құрылды, құндылығы артты. Қазақстан болса ол үрдісті енді ғана қолға ала бастады.

Нәтижелер. ЖОО-да Сингапурлық оқу әдістері қолданысқа енгізілсе де, моделін толық енгізу әзірге мүмкін болмай отыр, сондықтан бұл мемлекетпен тығыз жұмыс жүргізіп, тәжірибе жинақтау артық емес деп ойлаймыз.

Сингапурдың жоғары оқу орындары Азиядағы ең үздік университеттер болып саналады. Жергілікті оқу орындарымен қатар мұнда жетекші еуропалық жоғары оқу орындарының өкілдіктері жұмыс істейді. Сингапурда жыл сайын 150 мың шетелдік білім алады.

Сингапурда оқу өте тиімді болып келеді, неге? деген сұрақтың жауабы ол- 2 жыл ішінде диплом ала отырып, аттестат базасында бакалавриатқа түсу мүмкіндігіне ие бола алады. Бүкіл әлем Сингапурлық дипломдарды тани отырып, қазақстандықтар мен басқа да шетелдік студенттерге ағылшын тілінде білім алу мүмкіндігін ұсынады. Сингапурлық жоғарғы оқу орындары тиімді нұсқаны ұсыну арқылы:

- Үлкен білім беру бағдарламаларын таңдауы мүмкіндігіне ие болады,
- Тегін тренингтерге қатысу мүмкіндігі пайда болады,
- Кампус жатақханаларында тұру және инфрақұрылымды пайдалана алады,
- Қазіргі заманғы ғимараттар мен оқу залдарында дәріс алады,
- Жоғары оқу орындарына түсуде IELTS немесе TOEFL сертификатымен қабылдану ерекшеліктері-не ие болады.

Сингапурдың оқу орындарында қатаң тәртіп бар. Студенттерде әр дәрістің басында сканерлеуді қажет ететін арнайы карталар бар. Егер шетелдік студент дәрістердің 20% - жіберіп алса, олар оқудан шығарылып, студенттік визасын қайтарып ала алады.

Сингапурда оқу халықаралық білім беру стандарттарына сәйкес келеді. Бакалавр дәрежесін студент-тер 2-3 жылдан, магистр - 1-2 жылдан, ғылым докторы - 2-4 жылдан кейін алады.

Сингапурдың көптеген университеттеріндегі докторантура екі түрге бөлінеді:

1. Зерттеу (research) тәуелсіз зерттеуден тұрады, оның негізінде студенттер дипломдық жұмысты тапсырады және ауызша қорғайды. Диссертацияларды ғылыми жетекшілер бақылайды. Сонымен қатар, студенттер 3-6 курс бойынша емтихан тапсырады. Курстар мен оқу жоспары университет пен бағдар-ламаға байланысты.

2. Курстық жұмыс (coursework) дәрістерден, жеке сабақтардан, семинарлардан, зертханалық жұмыс-тардан, жазбаша емтихандардан тұрады. Курстық жұмыстарға жобалық жұмыстар тапсырылады, соның негізінде студенттер диссертация жазады. Көптеген бағдарламалар ғылыми

жұмыстың орнына бірнеше қосымша курстарды таңдауға мүмкіндік береді, сабақтар әдетте кешке өткізіледі.

Сингапурдың кейбір жоғары оқу орындарында біріктірілген PhD бағдарламалары ұсынылады. Олар сингапурлық және шетелдік жоғары оқу орындарының (Еуропа, Израиль, Үндістан) ынтымақтастығына негізделген. Сәтті аяқтағаннан кейін студенттер серіктес университеттердің екеуінің де мөрімен доктор дәрежесін алады.

Оқу кезінде көптеген бағдарламалар студенттің келесі кезеңге – диссертациямен жұмыс істеуге дайындығын растау үшін PhD біліктілік емтиханын өткізеді. Оны тапсыру екі кезеңнен тұрады: жобаны және тақырыпты презентация түрінде ауызша қорғау және тексеру комиссиясының алдында жазылған диссертацияны ауызша қорғау. Барлық талаптарды және ғылыми жұмысқа түзетулерді орындағаннан кейін университет студентке PhD дәрежесін береді.

Қазақстанның жағдайына келетін болсақ, жоғарыда атап кеткеніміздей ЖОО-на ҰБТ нәтижесімен қабылданады, 3-4 жылдық білім алу үрдісін аяқтап диплом алған түлек 1-2 жылдық магистратураға, кейінен 3 жылдық PhD докторантураға түсе алады (Обучение, 2021).

Магистратура мен докторантураға түсу ережесіне 2019 жылы өзгеріс енгізілгендіктен қазақстандықтар үшін де IELTS немесе TOEFL сертификаттарын көрсету керек болды. Мамандық бойынша сынақтан өтіп, емтихан тапсырылады. Жиналған балдық жүйе бойынша шешім қабылданады. Диссертация жазылып, ғылыми жетекшінің бақылауында болады. Докторлық ғылыми диссертациямен қоса шетелдік Скопус журналында мақала жарық көру керек. Диссертациялық кеңесте де өзгерістер енгізіліп, тұрақты және ауыспалы құрамы қорғауға ұсынылған диссертациялық тақырып бойынша жиналады. Диссертация қорғалған соң Ұлттық статусы бар жоғарғы оқу орындарында доктор дәрежесін беру үрдісі көп уақытты талап етпейді.

Қазіргі XXI ғасырдағы Қазақстан үшін үздіксіз кәсіби білім алу мен шет елдің тәжірибесін мамандардың бойына сіңіру бірінші орында тұр. Ал бұл дегеніміз, кәсіби білікті маман дамыған елдердің тәжірибесінде үздіксіз білім алып елімізде жаңа технологиялар мен ғылыми техникалық жетістіктерді ашуға мүмкіндік алады деген сөз.

Сингапур-бұл қатаң тәртіптің, шенеуніктердің еңбекқорлығы мен талапшылығының, олардың кәсібилігі мен тамаша дайындығының салдары; меритократия қағидаты, сыбайлас жемқорлықтың төмен деңгейі, елдің саяси көшбасшыларының жоғары талаптары, кемелдікке ұмтылу және нақты нәтижелерге қол жеткізу негізінде ең қабілетті кандидаттарды жұмысқа қабылдау.

Сингапурлық білім беру кеңістігінде басты назар аударатын салалар бар оларға:

- инвестициялық холдингтік қызмет және электроника, ауыл шаруашылығы, тау-кен өнеркәсібі, теміржол және байланысты салалардағы индустрияландыру саласындағы қызметті қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, қорғаныс, инжинирингтік және соған байланысты қызметтер көрсету;

- аэроғарыш, кеме жасау және жол-жөндеу салаларындағы және қауіпсіздік саласындағы, негізінен қоғамдық қызметтері.

Қазақстанда мемлекеттік қызметкерлер сингапурлық моделді мұқият зерделеуі керек, өйткені ол белгілі бір қағидаттарға сүйене отырып, әлемдегі ең үздіктердің біріне айналды. Сингапурдан шынымен де үйренуге болатын нәрселер көп. Бұл Сингапурды тамаша басқарудың және оның әсерлі әлеуметтік-экономикалық жетістіктерінің негізі болып табылатын күшті, тиімді, адал және сезімтал ел екенін көрсетіп отыр.

Қазақстандық лауазымды тұлғалар 2008-2009 жылдар аралығында Сингапур елді мекенінде әсіресе мемлекеттік қызметкерлерді дайындайтын басқару мектебінде болып курстан өткен болатын, бұл сапардың мақсаты Сингапур мысалында индустриялық-инновациялық даму саласындағы үздік әлемдік тәжірибені және Қазақстанда осы тәжірибені қолдану мүмкіндігін зерделеу болды.

Оқу барысында бәсекеге қабілеттілікті арттыру, ғылымды, технологиялар мен инновацияларды дамыту саласындағы мемлекеттік саясат, ресурстарға бай елдердегі ұлттық әл-ауқат қорларының рөлі, сондай-ақ Сингапурдың ұлттық инновациялық жүйесін зерттеу мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Қалай болғанда да, артықшылықтар мен кемшіліктер салыстырмалы ұғымдар екенін және шетелдік білім беру саласында кәсіби жұмыс жасай отырып, Сингапурда оқу – бұл болашақта мансабты лайықты таңдауға өз көмегін береді деп айтуға болады.

Сингапур университеттерінде білім алу, оны Қазақстанда қолданысқа енгізу - бұл саналы ұрпақты бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуде көмегін тигізеді деген сөз. Әлемнің озық технологиясы мен ең жақсы дәрісханаларында зерттеу жұмыстарын жүргізу, сұранысқа ие мамандық алу, әлемді өзгерте алатын үлкен ғылыми зерттеулерге қатысу, әрине, азиялық және еуропалық талғамды біріктіретін ерекше мәдениетке ену мүмкіндігіне ие болу деген сөз.

Сапалы білім, әлемнің түкпір-түкпірінде дипломдар танылып жатса, жоғары оқу орындары беделді халықаралық рейтингтерде жоғары орындарға ие болып, үздік 20 жоғары оқу орнының қатарына кіретін Қазақстандық жоғарғы білім беру моделін осы елдің үлгісімен жасасақ жаман болмас еді деп ойлаймыз.

Зерттеу жұмысын қорытындылай келе, Қазақстан мен Сингапур мемлекеттері бір бірін қайталай алатын, терезесі тең ұқсас деп айта алмаймыз, десек те, даму тарихы, білім беру сатылары, білім беру бағдарламалары мен қазіргі кезде сұранысқа ие мамандықтарды әзірлеуде қызығушылық танытып отыр-ған тұстары сәйкес келіп жататын елдер ретінде қарастыра аламыз. Сингапур мен Қазақстанның жоғарғы білім беру жүйесінде мемлекет тарапынан бөлінетін оқу гранттары мен жеңілдіктер жағы да ұқсас. Айырмашылығы да жоқ емес. Сингапурлық студенттер мен қазақстандық студенттердің әлеуметтік-экономикалық жағын салыстыру мүлдем дұрыс емес шығар деп ойлаймыз. Сингапурлық білім беру жүйесіндегі инновациялық-технологиялардың даму қарқыны мен қазақстандық жоғары оқу орындарындағы мән-жай да көңіл толтырмайды. Айта беретін болсақ ондай тұстар көбеймесе азаймайтыны анық. Десек те, Сингапурлық жоғарғы оқу орындарының тәжірибесін қазақстандық ЖОО-на біртіндеп енгізу керектігі қазіргі таңның сұранысы мен ұсынысы ретінде қарастыруымыз керек.

Сингапурлық оқыту әдістемесі заманауи білім беру сұраныстарына жауап береді деп айта аламыз. Сингапурлық модель Қазақстандық білім беру үрдісі үшін оқу әдістемесіне: өз бетінше ойлауға, ұжым-мен ынтымақтасуға, сыни ойлауға маңызды құзыреттерін дамытуға мүмкіндік береді. Сингапурлық моделді Қазақстанның үлкен қалаларында «Болашақ» гимназиялары арқылы ендіруде.

Сингапурлық тәжірибе білім беру жүйесін одан әрі реформалау тұжырымдамасын әзірлеу кезінде Қазақстан үшін қызығушылық тудыратынын атап өткіміз келеді.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Kurbanova G.S. Modern ways of development of higher education in the Republic of Kazakhstan // Молодой ученый. – 2020. – № 17 (307). – С. 119-122.
2. А.Конуратова. Эффективное образование: азиатский опыт. Вестник КазНПУ., 2017, Алматы.
<https://articlekz.com/article/18085>
3. Күзембаева В.Қ. Ұлттың ұлы ұстазы: Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсыновқа арналады. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001. – 267 бет.
4. Балахметова Г.К. Этапы становления системы образования Республики Казахстан Вестник КазНПУ. – Алматы, 2011. – С.48-51.
5. Шульгина Е. Образование в Сингапуре: особенности и перспективы для иностранцев. <https://evroportal.ru/obuchenie-za-rubezhom/obrazovanie-v-singapore-osobennosti-i-perspektivyi-dlya-inostrantsev/>
6. Борисевич М. Высшее образование в Казахстане 2022: особенности. <https://www.nur.kz/family/school/1836616-vyssee-obrazovanie-v-kazahstane-osobennosti/>
7. Лесин С.М., Шевелёва Н.Н. Ведущие образовательные системы мира: опыт Сингапура- <https://edpolicy.ru/singaporeexperience?>
8. Сингапур: система качественного образования. <https://standard.kz/ru/post/singapur-sistema-kacestvennogo-obrazovaniya>
9. Успешные мировые образовательные системы. Сингапур. Образовательная система республики Сингапур. +987\ъхзцгй ,456+<https://infourok.ru/statya-na-temu-uspeshnie-mirovie-obrazovatelnie-sistemi-singapur-3120378.html>?
10. Закон о языках в Республике Казахстан (2022). <https://online.zakon.kz/>
11. «Болашақ»: отменить нельзя оставит-<https://kursiv.kz/news/tendencii-i-issledovaniya/2019-02/bolashak-otmenit-nelzya-ostavit>
12. QS World University Rankings 2022: Лучшие мировые университеты. <https://www.topuniversities.com>
13. Современный Сингапур: «умная нация», порядок во всем и эволюция экономики. <https://primeminister.kz/>
14. Высшее образование в Сингапуре. <https://www.globaldialog.ru/>

15. Сколько стоит обучение в вузах Казахстана? Рейтинг. <https://antiplagiat-killer.kz/>
16. Как поступить на грант Казахстанцам в 2022 году: правила, документы. <https://www.nur.kz/family/school/>
17. Обучение в Сингапуре. <http://www.postupionline.com/>

References:

1. Kurbanova G.S. *Modern ways of development of higher education in the Republic of Kazakhstan // Young Scientist*. — 2020. — № 17 (307). — Pp. 119-122.
2. A.Konyratova. *Effective education: the Asian experience. Bulletin Of Kaznpu*, 2017, Almaty. <https://articlekz.com/article/18085>
3. Kuzembayeva V. K. *It is dedicated to the Great Teacher of the nation: outstanding public figure of the people, scientist, educator Akhmet Baitursynuly*. - Almaty: Central Science Library, 2001. -267 pages.
4. Balakhmetova G. K. *Stages of formation of the education system of the Republic of Kazakhstan "Bulletin of Kaznpu" Almaty*, 2011. - p. 48-51.
5. Shulgina E. *Education in Singapore: features and prospects for foreigners*. <https://evroportal.ru/obuchenie-za-rubezhom/obrazovanie-v-singapore-osobennosti-i-perspektivy-dlya-inostrantsev/>
6. Borisevich M. *Higher education in Kazakhstan 2022: features*. <https://www.nur.kz/family/school/1836616-vyssee-obrazovanie-v-kazahstane-osobennosti/>
7. Lesin S.M., Sheveleva N.N. *The world's leading education systems: Singapore experience* - <https://edpolicy.ru/singaporeexperience?>
8. *Singapore: quality education system*. <https://standard.kz/ru/post/singapur-sistema-kacestvennogo-obrazovaniya>
9. *successful world education systems. Singapore. The education system of the Republic of Singapore*. +987 \Kommersant,456+<https://infourok.ru/statya-na-temu-uspeshnie-mirovie-obrazovatelnie-sistemi-singapur-3120378.html?>
10. *Lex in Linguis, in Reipublicae Kazakhstan (2022)*. <https://online.zakon.kz/>
11. *"Bolashak": non potest cassari*-<https://kursiv.kz/news/tendencii-i-issledovaniya/2019-02/bolashak-otmenit-nelzya-ostavit>
12. *Qs (ix Mundi Universitas Nulla 2022: Mundi Optimum Universitates*. <https://www.topuniversities.com>
13. *Modern Singapore: a "nulla gens", ut in omnibus, et evolutionis de oeconomia*. <https://primeminister.kz/>
14. *Superiorum in Singapore*. <https://www.globaldialog.ru/>
15. *Quanti sumptus ad studia in universitatibus in Kazakhstan? Rating*. <https://antiplagiat-killer.kz/>
16. *Quam adhibere da Kazakhstanis in 2022: praecepta, documenta*. <https://www.nur.kz/family/school/>
17. *Stadium in Singapore*. <http://www.postupionline.com/>